

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 1 беті

**Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы»
АҚ жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы



ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пән коды: ЖГП 01

Пәні: Кәсіби қазақ тілі және ақпаратты басқару

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 72/3

Теория: 72

Курс: 2

Семестр: 3

Бақылау түрі: емтихан

Шымкент, 2023 ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 2 беті

«Кәсіби қазақ тіліжәне ақпаратты басқару» пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы 2023 жылғы МЖББС сәйкес құрастырылды.

Оқытушы: А.Ш. Ахбанбетова, А.А. Исабекова

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 13 «17» 06 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі: [Signature] А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 13 «17» 06 2023 ж.

Төрайымы: [Signature] Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 10 «20» 06 2023 ж.

Төрайымы: [Signature] Г.О. Мамбеталиева

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 3 беті

1.1. Кіріспе

Кәсіби қазақ тілі жалпы білім беру пәндерінің бірі ретінде жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде жүргізіледі. Қазақ тілін үйретуде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, әдістерін және нәтижелерін айқындайды. Осы бағдарлама жалпы білім беретін «Кәсіби қазақ тілі» пәнін жаңартылған мазмұнда оқып үйренуге және рухани жаңғырудың жалпыұлттық идеясы шеңберінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған.

1.2. Пәннің мақсаты:

Оқушыларды күнделікті қарым қатынас түрлеріне еркін араласып, өз мамандығы бойынша сұхбаттар жүргізе алуға үйрету. Мамандық саласына қарай жиі кездесетін ғылыми терминдерді, күрделі синтаксис құрылымдарды қолдануға үйрету. Өз мамандығы бойынша хаттар, баяндамалар, пікірлер, эссе жазуға үйрету, мамандық бойынша мәтіндерді, нұсқауларды оқып, түсінуге үйрету, радио, теледидарда ақпараттар тыңдап, түсіндіруге машықтандыру.

1.3. Пәннің міндеттері:

- рухани жаңғырудың жалпыұлттық идеясы шеңберінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған жалпы білім беру пәні;
- болашақ маманның ұлттық сана мен мәдени код негізіндегі танымын қалыптастыра отырып, әлемдік деңгейдегі білімді меңгеруде тілдің дәнекер болып табылатынына көз жеткізу, еліміздің дамуы жолында еңбек ететін маманның мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, ұлттық жаңғыруды қамтамасыз етуге қабілетті мамандарды даярлауда қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.

1.4. Оқытудың соңғы нәтижесі:

Білімі мен түсінігі: Оқыту нәтижесінде білім алушы пән мақсатын және міндеттерін біле алатындығын көрсете алады. Болашақ маман кәсіби тілді өз кәсібінің шеңберінде науқаспен қарым-қатынас жасай алады және оған кеңес беріп, пікір білдіре алады. Жұртшылықпен тұрақты байланыс жасайтын кәсіби мамандардың сөз мәдениетін, кәсіпке қатысты лексика мен терминологияны меңгереді.

Білімі мен түсінігін қолдана білу: Оқыту нәтижесінде білім алушы кәсібіне қатысты терминдермен қатар, ауру атауларының қазақша баламаларын, ауру белгілерінің қазақ тілінде қолдана алады. Ауру белгілері және оған қолданалатын ем тәсілдерін айтудағы ұлттық тіл ерекшеліктерін, ауруға байланысты қазақша сөз тіркестерін қолдана алады.

бі Ой-пікірді қалыптастыру: Оқыту нәтижесінде білім алушы кәсіби сала бойынша мамандығы, сала мамандарының өмірбаяны туралы тұжырым жасай алады. Қазақтың тұңғыш дәрігерлері туралы ақпаратты жинап, олардың еңбектерінен тұжырым жасай алады.

Оқыту дағдылары немесе оқуға қабілеттері: Оқыту нәтижесінде білім алушы ақпаратты жинақтап, оны керекті бағытта жан-жақты талқылай алады. Аурулардың дамуына немесе тез тарауына әсер етуші факторларды зерттей келе, өз пікірін білдіреді.

Коммуникативтік қабілеттері: Оқыту нәтижесінде білім алушы қарастырылатын салада өз бетінше алынған білімдерін, өз пікірлерін жеткізе алады, ақпаратты талдау және тұжырымдай алу қабілеттерін көпшілік алдында көрсете алады.

1.5. Реквизитке дейінгі: мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі.

1.6. Реквизиттен кейінгі: мамандығына қатысты салалық пәндер.

1.7. Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны.

1. Тақырып Терминдердің ұғымы мен мағынасы. Маман саласындағы терминдер. Терминдік сөздер туралы ұғым. Мамандық саласындағы терминдер мен ұғымдар. Кәсіби

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-1/13	
Жұмыс оқу бағдарламасы	15 беттің 4 беті	

мәтінмен жұмыс. Терминдер – ғылым, техника, өндіріс т.б. салаларындағы ұғымдар мен жеке сөздердің атаулары. Терминдер тек тура мағынада қолданылатындығымен ерекшеленеді, мағына үнемі тұрақты болады. Терминдерді арнаулы сөздер деп те атайды. Термин сөздердің жасалу жолдары, сөздің лексика-семантикалық топтарының бірі арнаулы лексика. Қоғамдағы әр түрлі кәсіп пен қызмет салаларына негізделген, шектеулі қолданысқа ие сөздер-арнаулы лексика ретінде танылады.

2. Тақырып. Медициналық терминдерді қалыптастыру жолдары. «Термин» атауы, терминнің тілдік сипаты, медициналық терминге қойылатын талаптар.

3. Тақырып. Медицина ғылымына байланысты терминдер. Олардың қазақша баламалары. Медицина саласына қатысты терминдер, олардың қазақша баламалары.

4. Тақырып. Қазақтың тұңғыш дәрігерлері. Қазақтың тұңғыш дәрігерлері, олардың өмір жолы туралы түсінік.

5. Тақырып. Кәсіби тақырыптық диалогтар. Емханада. Дәрігердің қабылдауында. Ауруханада. Емхана, (гр. *polis* – қала және клиника) – науқас адам келіп-кетіп емделетін және үйінде сырқаттанып қалған адамдарға медициналық көмек көрсететін, сондай-ақ, аурудың алдын алу шараларын жүргізетін мекеме. Емханада рентген, физиотерапия кабинеттері және басқа да арнайы кабинеттер мен лабораториялар болады. Аурухана – мемлекеттік қызметшілер санынан тіркелген контингентке білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмекті, науқастарды емдейтін қызмет көрсететін емдеу мекемесі болып табылады.

6. Тақырып. Кәсіби бағытталған мәтіндерді аудару техникасы (сөздікпен).

Кәсіби бағытталған мәтіндерді аудару техникасы (сөздікпен). Мамандыққа байланысты мәтіндер мен терминдерді аударма жасау тарихы мен теориясын тәжірибесі жайында жазылған еңбектерге шолу жасау.

7. Тақырып. Тіл дамыту. Қазақ тілінде сөйлеу мәдениеті мен этикеті

8. Тақырып. Мамандықтың кәсіби қазақ тілінде сөйлеу мәдениеті мен этикеті. Кәсіби қазақ тілінде сөйлеу мәдениеті.

9. Тақырып. Кәсіби байланыс. Кәсіби байланыс туралы мәлімет.

10. Тақырып. Адам ағзасы - біртұтас құрылым. Адам мүшелері атқаратын қызметіне қарай бірнеше мүшелерден бірігіп, он екі мүше құрайтыны туралы мәлімет.

11. Тақырып. Адам қаңқасы және оның зақымдануы.

Адам қаңқасына :бас, төстік, сүйек, омыртқа жотасы, бұғана, қабырға, тоқпан жілік, шыбық сүйек, т.б. Сүйектердің шығуы немесе сынуы.

12. Тақырып. Тірек-қимыл жүйесі. Тірек-қимылға қатысты мүшелердің аурулары. Тірек қимыл мүшелерінің ауруларын емдейтін медицина ғылымының бөлімі ортопедия. Артрит (буын қабынуы), бруцеллез (сарып) аурулары туралы мәліметтер. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс –қимыл тәртібін сипаттау. «Дәрігердің қабылдауында» деген тақырыппен танысып, сабақта диалогпен танысып, тақырып бойынша екі немесе бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы пікір алмасатын ауызекі сөйлеу формасы арқылы тұжырымдама жасалынады. Диалогта сұрақ қою арқылы сұхбаттасушы өзі күткен мәліметті ала алады.

13. Тақырып. Алғашқы медициналық көмек. Алғашқы медициналық көмектің негізгі мақсаты – адам өмірін құтқару. Ең бастысы – алғашқы секундтарда дұрыс әрекет етуге үйрену, дәрігерлер келгенше апатқа ұшыраған адамның өмірін сақтап қалу. Келесі кеңестер өзіңізге, жолдасыңызға басқа да көмекті қажет ететін кез келген адамға алғашқы көмекті дұрыс көрсете алуға септігін тигізеді.

14. Тақырып. Тыныс алу жолдары. Тыныс алу жүйесі: оның ауа алмасу, иіс сезу және

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-1/13	
Жұмыс оқу бағдарламасы	15 беттің 5 беті	

дыбыс шығарып сөйлеу қызметтері. Тыныс мүшелері: мұрын қуысы, көмекей, кеңірдек, екі бронхы және екі өкпе. Тыныс алу жүйесінің бөлімдері: ауа өтетін жолдар және өкпенің альвеолары. Мұрын қуысының жоғарғы, төменгі және екі бүйір қабырғалары.

15. Тақырып. Жүрек –қан тамырлар жүйесі. Жүрек-қан тамырлары жүйесінің аурулары және олардың алдын алу шаралары. Жүректің қабаттары. Тамырдың түрлері.

16. Тақырып. Жүрек қан тамырлар аурулары.

Қанда эритроциттердің азайып, гемоглобиннің кемуінен болатын ауру. Қаназдықтың болу себептері: денеден көп қан кету; химиялық заттардың, удың, безгек ауруының әсерінен эритроциттердің тіршілігін жоюы; кемік майы, бауыр, көкбауырдың зақымдануы; эритроциттердің түзілуіне қатысатын заттардың (темір, Вх, витамині) жетіспеуі және т. б. .

17. Тақырып. Қанның құрамы және ағзадағы қызметі. Қан айналу жүйесі - қанның қан тамырларымен тоқтаусыз ағу қызметін атқаратын жүйе. Қан айналу жүйесіне кіреді. Жүректің құрылысы. Қан тамырлары туралы түсінік.

18. Тақырып. Қан қысымының көтерілуі (гипертензия). Қан қысымының төмендеуі. Қан қысымының төмендеуі туралы жалпы түсінік. Түрлері, пайда болу себептері, емделуі мен алдын алу шаралары

19. Тақырып. Ас-қорыту жүйесі. Ас-қорыту жүйесінің аурулары. Ас-қорыту ағзалары және гастрит сыртық және эндогенді деп екі топқа бөлінуі.

20. Тақырып . Гепатит. Сары ауру (желтуха боткина) Сары ауру туралы мәлімет. Емі.

21. Тақырып. Салауатты өмір салты. Денсаулығы мықты адам- қоғамның болашағы..

22. Тақырып. Жүйке жүйесінің аурулары. Жүйке жүйесі бұзылуының себептері, диагностикасы және емдеу жолдары. Жүйке жүйесі және оның аурулары шизофрения , биполярлық ауру, қояншық ауруы(эпилепсия) т.б

23. Тақырып. Зәр шығару жүйесі. Зәр шығару ағзаларының аурулары. Зәр шығару жүйесіне бүйрек, қуық, зәршығару жолдары , жыныс мүшелері т.б. мүшелері жатады және нефрит, цистит аурулары жөнінде ақпарат.

24. Тақырып. Нефрология және урология. Нефрология және урология салаларының ерекшеліктері

25. Тақырып. Эндокриндік жүйе аурулары. Қалқанша без ауруларының пайда болуы. Қант диабетінің негізгі симптомдары.

26. Тақырып. Қант диабеті. Диабеттік аурулармен танысу, сипаты.

27. Тақырып. Балалар аурулары. Балалар ауруы - нәрестелер мен жас балалардың арасында табиғи жағдай мен этностың өзіндік генетикалық жаратылысының ерекшелігіне байланысты жиі кездесетін сырқат, ауру түрлері.

28. Тақырып. Жұқпалы аурулар. Зардапты вирустардың, микоплазмалардың , хламидийлердің , риккетсиялардың, спирохеталардың организмге еніп, онда өсіп- өну және өмір сүру салдарынан туатыны туралы түсінік.

29. Тақырып. Қызылша, күл, тұмау. Қызылша, күл, тұмау ауруларына жан- жақты сипаттама, негізгі белгілерімен танысу.

30. Тақырып. Тері аурулары. Теміреткі. Тері аурулары: безеу, сүйел

31. Тақырып. Дерматология және терінің жалпы патологиясы. Терінің маңызы мен құрылысы. Терінің химиялық құрамы мен физикалық қасиеттері. Тері туындылары. Тері бездері.

32. Тақырып. Қазақ тіліндегі стиль түрлері. Ресми іс қағаздар стилі, қолданылу ерекшелігі. Іс-қағаздарын оқудағы мақсат пен міндет . Ресми іс жүргізу стилі . Қоғамдық қызмет аясындағы негізгі стильдер. Құжатты топтастыру .Іс қағаздарды жүргізудің жолдары ,кұқығы , жауапкершілігі. Құпия мазмұндағы құжаттар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 6 беті

33. Тақырып. Өмірбаян.Түйіндеме. Хабарландыру. Түсініктеме. Жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жазылған ресми құжат.Белгілі бір тұлғаның өмірбаяны, мамандығы жайлы қысқаша мәлімет.

34. Тақырып. Құттықтау хат. Сенімхат.Хабарламахат.Жеделхат. Телефонхат.Баяндаухат

Жеке адам мен қоғам өміріндегі оқиғаларды айғақтаушы, баяндаушы, хабарлаушы.

35. Тақырып. Ғылыми тезистер.Ғылыми тезистерді рәсімдеу тәртібі. Ғылыми тезистің жалпы ережесі туралы түсінік

36 тақырып. Медицина саласындағы іс жүргізу үлгілері. Медицина саласында жарғы, қаулы, нұсқау, ереже, бұйрық сияқты құжаттар арқылы жүргізіледі.

1.7. 1. Пәннің тақырыптық жоспары:

№	Сабақтың тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Лексикалық тақырып: Терминдердің ұғымы мен мағынасы. Маман саласындағы терминдер. Грамматикалық тақырып: Сөз тіркесі және сөйлем. Еркін тіркес және тұрақты сөз тіркесі.	Терминдік сөздер туралы ұғым. Мамандық саласындағы терминдер мен ұғымдар. Кәсіби мәтінмен жұмыс.Терминдер – ғылым, техника, өндіріс т.б. салаларындағы ұғымдар мен жеке сөздердің атаулары. Сөз тіркесі және сөйлем. Еркін тіркес және тұрақты сөз тіркесі.	2
2	Лексикалық тақырып: Стоматология ғылымы туралы. Грамматикалық тақырып: Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері.	«Термин »атауы, терминнің тілдік сипаты, медициналық терминге қойылатын талаптар. Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері.	2
3	Лексикалық тақырып: Медицина ғылымына байланысты терминдер. Олардың қазақша баламалары. Грамматикалық тақырып: Жай сөйлем және оның түрлері.	Медицина саласына қатысты терминдер, олардың қазақша баламалары. Жай сөйлем және оның түрлері.	2
4	Лексикалық тақырып: Қазақтың тұңғыш дәрігерлері. Грамматикалық тақырып: Сөйлем мүшелері.	Қазақтың тұңғыш дәрігерлері, олардың өмір жолы туралы түсінік. . Сөйлем мүшелерінің бастауыш пен баяндауыш жасалу жолдары.	2
5	Лексикалық тақырып: Кәсіби тақырыптық диалогтар. Емханада. Дәрігердің қабылдауында. Ауруханада. Грамматикалық тақырып: Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы.	Дәрігердің қабылдауында емханада болған жағдай диалог жасау. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы мысалдар арқылы түсіндіріледі.	2
6	Лексикалық тақырып: Тісті тиімді тазалау. Грамматикалық тақырып: Бастауыш жасайтын сөз таптары.	Кәсіби қазақ тілінде сөйлеу мәдениеті мен этикасын қарастырылады. Сөйлемде бастауыштан жасалатын сөз таптары айтылады.	2
7	Лексикалық тақырып: Тіс адам -көркі. Грамматикалық тақырып: Баяндауыш	Тістің адамға маңызы мен оны дұрыс күтудің жолдары. Баяндауыштың	2

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 7 беті

	жасайтын сөз таптары.	атқаратын қызметі.	
8	Лексикалық тақырып: Тістің құрылысы. Грамматикалық тақырып: Тұрлаусыз мүшелер.	Тістің құрылысы. Тұрлаусыз мүшелердің атқаратын қызметі	2
9	Лексикалық тақырып: Ауыз қуысының тазалығы. Грамматикалық тақырып: Толықтауыш. Тура және жанама толықтауыш. Толықтауыш жасайтын сөз таптары.	Ауыз қуысының гигиенасы. Толықтауыш туралы жадпы мәлімет.	2
10	Лексикалық тақырып: Тіс жегі. Грамматикалық тақырып: Анықтауыш. Анықтауыш жасайтын сөз таптары.	Тіс жегінің пайда болу себептері мен оның алдын алу шаралары. Анықтауыштың қызметі.	2
11	Лексикалық тақырып: Алғашқы медициналық көмек. Грамматикалық тақырып: Пысықтауыш және оның мағыналық түрлері.	Алғашқы медициналық көмектің негізгі мақсаты – адам өмірін құтқару. Ең бастысы – алғашқы секундтарда дұрыс әрекет етуге үйрену, дәрігерлер келгенше апатқа ұшыраған адамның өмірін сақтап қалу.	2
12	Лексикалық тақырып: Балалар ауруы. Грамматикалық тақырып: Құрмалас сөйлем және оның түрлері. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің айырмашылығы.	Балалар ауруы - нәрестелер мен жас балалардың арасында табиғи жағдай мен этностың өзіндік <u>генетикалық</u> жаратылысының ерекшелігіне байланысты жиі кездесетін сырқат, ауру түрлері.	2
13	Лексикалық тақырып: Балалардағы тіс жару. Грамматикалық тақырып: Салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері.	Балаларда кездесетін аурудың түрлері мен алдын алу шаралары, нәрестелерде тіс жаруы.	2
14	Лексикалық тақырып: Парадонтоз ауруы. Грамматикалық тақырып: Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем.	Аурудың пайда болу себептері мен диагностикасы. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемнің жасалу тәсілі.	2
15	Лексикалық тақырып: Пародонтит ауруы. Грамматикалық тақырып: Талғаулықты салалас құрмалас сөйлем.	Аурудың пайда болу себептері мен диагностикасы. Талғаулықты салалас құрмалас сөйлем.	2
16	Лексикалық тақырып: Ақыл тіс. Грамматикалық тақырып: Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем	Ақыл тістің шығуы туралы мәлімет.	2
17	Лексикалық тақырып: Тіс пен қызыл иекті күту. Грамматикалық тақырып: Себеп	Тіс ауруының себептері. Тіс пен қызыл иекті күту жолдары және емдеу рецептілері.	2

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11–1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 8 беті

	салдар салалас құрмалас сөйлем	Себеп салдар салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары.	
18	Лексикалық тақырып: Тіс ұлпасының аурулары. Грамматикалық тақырып: Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.	Тіс ауруының адам денсаулығына тигізер әсері. Емдеу шараларымен үй жағдайында дұрыс күту жолдары. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары.	1
	№1. Аралық бақылау	1-18 тақырыптар бойынша тест тапсырмаларын орындау. Бақылау жұмысы тест / жазбаша түрде алынады.	1
19	Лексикалық тақырып: Ас-қорыту жүйесі. Ас-қорыту жүйесінің аурулары. Грамматикалық тақырып: Сабақтас құрмалас сөйлем, оның түрлері.	Ас-қорыту ағзалары және гастрит сыртқы және эндогенді деп екі топқа бөлінуі. Ас-қорыту жүйесіндегі ауруларды емдеу шаралары. Сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары және оның түрлері.	2
20	Лексикалық тақырып: Асқазанның ойық жара ауруы. Грамматикалық тақырып: Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.	Ауыз қуысындағы ауруларды анықтау тәсілдері мен емдеу шаралары. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу тәсілдері.	2
21	Лексикалық тақырып: Салауатты өмір салты. Грамматикалық тақырып : Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.	Денсаулығы мықты адам- қоғамның болашағы. Дені саудың жаны сау. Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу тәсілдері.	2
22	Лексикалық тақырып: Тіс кариесі Грамматикалық тақырып : Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.	Тіс кариесі – тістің қатты тіндерінің бұзылуынан тісте қуыстың пайда болуы; өте көп тараған ауру. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары.	2
23	Лексикалық тақырып: Тіске пайдалы тағамдар Грамматикалық тақырып : Қимыл- сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.	Тіске пайдалы тағамдардың түрлері және тұтыну режимдері. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу тәсілдері.	2
24	Лексикалық тақырып: Пульпит ауруы. Грамматикалық тақырып : Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.	Тіс ауыруының емі мен сипаты, диагностикасы. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары.	2

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA 1979 MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 9 беті

25	Лексикалық тақырып: Ауыз қуысындағы ауруларды анықтау. Стоматит. Грамматикалық тақырып :Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.	Ауыз қуысындағы ауруларды анықтау жолдары мен емдеу шаралары. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу тәсілдері.	2
26	Лексикалық тақырып: Тіс-денсаулық кепілі Грамматикалық тақырып: Аралас құрмалас сөйлем.	Тісті күту жолдары. Тіс ауруының денсаулыққа тигізер әсері. Аралас құрмалас сөйлемнің ерекшеліктері мен жасалу жолдары.	2
27	Лексикалық тақырып: Тандай кемістіктері. Грамматикалық тақырып: Төл сөз бен төлеу сөз. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі.	Төл сөз бен төлеусөздің жасалу жолдары және ерекшеліктері. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібінің жасалу жолдары.	2
28	Лексикалық тақырып: Тістің қабынуы. Грамматикалық тақырып: Бөгде сөз, оның түрлері.	ауруының пайда болу себептері мен емі, диагностикасы.	2
29	Лексикалық тақырып: Тіс қанауы және оның алдын алу. Грамматикалық тақырып: Тыныс белгілерінің емлесі.	Тіс аурулары туралы және оның алдын алуы туралы мәлімет. Тыныс белгілерінің емлесін түсіндіріледі.	2
30	Лексикалық тақырып: Тіс шірудің белгілері. Грамматикалық тақырып: Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер.	Тіс шірудің белгілері мен оның алдын алу шаралары туралы мәліметтер беру	2
31	Іс қағаздары және оның түрлері.	Іс-қағаздарын оқудағы мақсат пен міндет. Ресми іс жүргізу стилі.Қоғамдық қызмет аясындағы негізгі стильдер. Құжатты топтастыру .Іс қағаздарды жүргізудің жолдары ,құқығы , жауапкершілігі. Құпия мазмұндағы құжаттар.	2
32	Қазақ тіліндегі стиль түрлері.	Қоғамдық қызмет аясындағы негізгі стильдердің түрлері мен қолданылу аясы.	2
33	Стоматологиядағы деонтология қағидалары	Стоматолог деонтология мен этикалық қағидаларын сақтамай ем жүргізу мүмкін емес. Ол әрқашан дерттің түрін емес, науқас адамды емдеп отырғанын ұмытпауы қажет. Өйткені ауыз қуысы бүтін ағзаның	2

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 10 беті

		бір бөлігі.	
34	Өмірбаян. Түйіндеме. Баяндаухат.	Жеке басы туралы өмірбаян мен түйіндеме жазудың үлгісі туралы айту.	2
35	Құттықтаухат. Сенімхат. Хабарламахат. Жеделхат. Телефонхат.	Жеке адам мен қоғам өміріндегі оқиғаларды айғақтаушы, баяндаушы, хабарлаушы.	2
36	Медицина саласындағы іс жүргізу үлгілері. Қорытынды. Бақылау жұмысы.	Медицина саласында жарғы, қаулы, нұсқау, ереже, бұйрық сияқты құжаттар арқылы жүргізіледі. Тест тапсырмаларын орындау	1
	№2 Аралық бақылау	18 -36 тақырыптар бойынша тест тапсырмаларын орындау. Бақылау жұмысы тест/ жазбаша түрде алынады.	1
	Барлығы		72

Оқытудың жоспарланған нәтижесін бақылау

Бағдарламалық материал мазмұнын білім алушының меңгеру деңгейін тексеру үшін бақылаудың қазіргі заманғы әдістері мен құралдары; тестілік тапсырмалар, жазбаша және ауызша сұрау және т.б. қолданылады. Пән бойынша қорытынды бақылау емтихан тапсыру арқылы жүргізіледі. Тест компьютерлік жүйеде өткізіледі.

1.8. Пәнді оқытудың түрлері/әдістері/технологиялары:

Теориялық сабақтар – мәселелік, ақпараттық, әңгіме, дәріс-презентация, бинарлық. Аудиториямен кері байланыс дәріс тақырыптары бойынша білім алушылар мен блиц-сауалнама, әңгіме, ауызша сұрау, жқптасып жұмыс жасау, топтасып жұмыс жасау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, бағыт беру, эссе жазу, мәтін құрастыру, презентация, кеспе қағаздарымен жұмыс, пікір талас.

Білімдерін және дағдыларын бағалау әдістері:

- ауызша сұрақ-жауап, презентация, рөлдік ойындар, мәтінмен жұмыс, жаттығу жұмыстары, эссе жазу.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: компьютерлер, интерактивті тақта, электронды оқулықтар, т.б.

Қорытынды бақылау: Емтиханға пәннің бағдарламасын толық меңгерген және үлгерім рейтингісін алған студенттер ғана жіберіледі. Үлгерім рейтингтік бағасы мен емтиханның нәтижелерінің қосындысынан шығатын әр пән бойынша қорытынды баға анықталады, бұл жердегі 60% -жіберілу рейтингтік бағасы, 40% - емтихан нәтижесі болып табылады.

1.9. Білімді бағалаудың критерийлері және ережелері:

Ағымдық бақылау: ауызша сұрау, тестілеу, талдау жұмысы.

Аралық бақылау: тестілеу 8 және 17 аптасында өткізіледі.

Аралық аттестаттау: Компьютерде тестілеу.

Қорытынды бақылау:

Қорытынды бақылау; «Прокторинг» платформасының қолданылуымен Платонус ААЖ-де тестілеу, ауызша емтихан .

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 11 беті

-Білім алу нәтижелерінің суммарлық бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

Платонус бағдарламасымен автоматты түрде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың ортақ баллы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Емтихан ауызша алынады. Ауызша алынған немесе тест жүйесі бойынша алынған емтихан бағасын пән оқытушысы Платонус ААЖ-ға қояды.

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,00	95-100%	Өте жақсы
A-	3,67	90-94%	
B+	3,33	85-89%	Жақсы
B	3,00	80-84%	
B-	2,67	75-79%	
C+	2,33	70-74%	
C	2,00	65-69%	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64%	
D+	1,33	55-59%	
D	1,00	50-54%	
F	0,00	0-49%	Қанағаттанарлықсыз

1.9.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БК1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.	1)Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдана алмайды; 2)тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдана алмайды; 3)орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерін	1)Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдануды біледі; 2)тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қателікпен айтады; 3) орта деңгейге арналған	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдануды меңгерген; 2)тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдануды біледі; 3) орта	1)Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде сауатты қолдана алады; 2) тілді меңгерудің базалық деңгейіне арналған лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді нақты коммуникативтік қатынастарда қолдана алады;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 12 беті

		ескермей, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алмайды.	грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді ескермей, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа жартылай қатысады.	деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді ескере бермей, бірақ осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.	3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.
БҚ1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алмайды; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алмайды, оларды лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алмайды; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алмайды, оны дәлелдей алмайды.	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелердің бар екендігін біледі; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асырады бірақ лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда толық жеткізе алмайды; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне өздігінен баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алады, бірақ дәлелдей алмайды.	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алады; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асырады лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда түсіндіре алады; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттерін бағалай алады, өз көзқарасын айта алады.	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылай алады; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алады, оларды этикалық, лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алады; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алады, өз көзқарасын білдіре алады, оны дәлелдей алады.
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына	1) Кәсіби қарым-қатынас	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына

ON'TUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 13 беті

БҚ 3.1	қатысады. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады	сұрай және хабарлай алмайды; 2)Түрлі дереккөздерді пайдалана алмай, әңгімелескен адамды дәлелсіз сендіре алмайды. 3)Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алмайды және прагматикалық талдау жасай алмайды.	сәйкес ақпарат сұрауды және хабарлауды түсінеді; 2)Түрлі дереккөз-дерді біледі, әңгімелескен адамға өз ойын жеткізеді; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады, бірақ прагматикалық талдау жасай алмайды	жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай біледі; 2)Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамдарға дәлелмен түсіндіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын біледі және прагматикалық талдауды түсінеді.	сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алады; 2)Түрлі дереккөз-дерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады.
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алмайды; 2)Түрлі дереккөздерді пайдалана алмай, әңгімелескен адамды дәлелсіз сендіре алмайды. 3)Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алмайды және прагматикалық талдау жасай алмайды.	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауды және хабарлауды түсінеді; 2)Түрлі дереккөз-дерді біледі, әңгімелескен адамға өз ойын жеткізеді; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады, бірақ прагматикалық талдау жасай алмайды	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай біледі; 2)Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамдарға дәлелмен түсіндіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын біледі және прагматикалық талдауды	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алады; 2)Түрлі дереккөз-дерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 14 беті

				түсінеді.	
--	--	--	--	-----------	--

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жазбаша, тест	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді.

Емтиханды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Тест	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	Қанағаттанарлықсыз	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-1/13
Жұмыс оқу бағдарламасы		15 беттің 15 беті

	F (0; 0-49%)	береді .
--	--------------	----------

1.10. Әдебиеттер тізімі

1.10.1.Негізгі әдебиеттер

Негізгі:

- 1.Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, А. Т. Абдуллабекова, А. С. Жакипова. - Электрон. текстовые дан.(1,34 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - 140 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz>
4. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013. Суатай С., ЦБ Aknurpress <https://aknurpress.kz/>
6. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова. - Қарағанды: ҚарMTY, 2013 Нұржанова, Қ.Қ /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

3.10.1.Қосымша:

1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . -Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б.
2. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарMTY, 2015 Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
6. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
7. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz